

«Жалпы биология және геномика» кафедрасының «7M05107, 7M01513» - Биология мамандығы бойынша педагогикалық практикасының Есебі

Педагогикалық практика магистранттың теориялық алған білімдерін тереңдетіп, бекіту және педагогикалық іс-әрекет барысында практикалық қабілеттерін жетілдіру, биологияны оқыту әдістерінің заманауи әдіс түрлерін қолданып, оқу-жұмыс бағдарламаларын, биологиялық пәндер бойынша әдістемелік нұсқауларды өңдеуге өз үлесін қосу болып табылады.

«7M05107, 7M01513 – Биология» мамандықтарының 2 курс магистранттары педагогикалық практикасын университеттің жаратылыстану ғылымдары факультетінің, жалпы биология және геномика кафедрасының базасында өткізіледі. 2021 жылдың 1 қыркүйегінде ұйымдастыру конференциясы жүргізілді және онда магистранттарға қойылатын талаптар туралы айтылды, яғни магистранттар өткізетін пәндерді таңдап, педагогикалық практиканы өту барысындағы база ретінде оқыту топтары нақтыланды. Магистранттар оқыту жұмыстарының жоспарымен толықтай танысып кафедра мұғалімдері мен жетекшілерінің сабақтарын кесте бойынша алды, магистранттар практика барысында оқыту әрекеттерін ұйымдастыруда ғылыми және әдістемелік көмектер көрсетеді, сондай-ақ магистранттарға арнайы топтар бекітіліп, топтармен сабақтан тыс кураторлық мерекелік іс-шаралар ұйымдастырулары қажет. Педагогикалық тәжірибенің күнделігін толықтай толтыру барысында силлабусқа сәйкес жүргізілген пәннің толық тақырыптары жазылады және тәжірибеде орындалған жұмыстар туралы қыркүйек және желтоқсан айларының аралықтары толық жазылып, топ студенттеріне психологиялық-педагогикалық мінездеме беріп толтырылды. Магистранттар есеп жазып, күнделіктерін толтырып, папкаға дәрістер мен практикалық және зертханалық жұмыс жинақтарын салып, арнайы дайындалған слайдтарын, фото суреттерін, сабақ кестесін, ашық сабаққа дайындаған материалдарымен толықтырып, жиналған құжаттардың электронды нұсқасын дискіде тапсырды. Қорытынды конференцияда кафедра оқытушыларының тарапынан қойылған сұрақтарға толықтай жауап беріліп бағаланды.

7M05107 – Биология (ғылыми бағыт) магистранттарының жалпы саны он алты (қазақ тобы), бесеуі (орыс тобы) **7M01513** – Биология (педагогикалық бағыт) магистранттарының жалпы саны он үш (қазақ тобы), бесеуі (орыс тобы) толықтай педагогикалық практикадан өтті. Педагогикалық практика барысында жоғарыда айтып өткендей кафедраның профессор-оқытушылар құрамынан жүргізілетін пәндері бойынша тәжірибеден толық өтті. Атап айтатын болсақ, кафедраның профессоры Т.Д.Укбаевадан M05107 тобының магистранттары Бақытжанова Л, Бердімұрат Ж, Тұмырза А. қыркүйектің бірінен желтоқсанның төртінші аралығында педагогикалық практикадан толық өтті. Аталған магистранттар жоспарға сәйкес профессор Т.Д.Укбаеваның жүктемесі бойынша берілген дәріс және тәжірибелік сабақтарын толық орындап шықты.

Бақытжанова Л. «Молекулалық медицина негіздері» пәнін жүргізу барысында студенттердің қызығушылығы мен мотивациясын көтере алды және Бг-41 тобымен «Жеңіс жалауы» эскери драма театр қойылымына барып, патриоттық пен ержүректікке тәрбиелейтін қойылымына қатысты. **Бердімұрат Ж.** педагогикалық практика барысында Бг-45,47 топтарына Иммунология пәнінен: «Қазіргі заманға сай иммунология және оның міндеттері», «Иммундық жүйені ұйымдастыру мен қызмет етудің негізгі қағидалары», «Иммундық жүйенің мүшелері мен жасушалары», «Антигендердің негізгі қасиеттері мен құрылысы», «HLA жүйесі», «Антиденелер, қасиеттері мен классификациясы», «Иммунитет жүйелері, түрлері және қызметі», «Иммуноглобулиндердің кластары мен түрлері, олардың қызметтері», «Гуморальдық иммунитет жүйесі, қызметі және құрылысы», «Комплемент жүйесі және оның иммундық реакциялары», «Жасушалық иммунитет жүйесі, құрылысы, қызметі», «Мононуклеарлы фагоциттер жүйесі», «Ісікке қарсы иммунитет», «Біріншілік және екіншілік иммундық жауап», «Иммунологиялық

зерттеулердегі таңдамалы әдістер» тақырыптары бойынша дәрістер өткізді және «Иммундық жауап» тақырыбына ашық сабақ жүргізіп, студенттермен бірге кинотеатрға бару арқылы тәрбие сағатын жүргізді. **Тумырза А.** Дәрістерді *Teams* бағдарламасын қолданып, онлайн түрде өткізді. Жоспарға сәйкес студенттермен бірге ашық сабақ пен тәрбие сағатын толық жүргізді, ашық сабағыда АКТ қолданды, студенттер сабаққа өте белсенді ат салысты, кері байланыс жасап, өз әсерлерімен бөлісті.

Кафедраның профессоры Р.К. Татаевадан М05107 тобының магистранты **Амангелді А.** педагогикалық практика барысында Бг-45, тобына «Особьтар экологиясы-аутэкология», «Негізгі тіршілік орталары және олардың сипаттамасы», «Организмдердің қоршаған ортаға экологиялық бейімделуі», «Популяциялардың құрылымы мен динамикасы», «Экожүйелердің құрылымы мен динамикасы», «Экожүйенің құрылу заңдылықтары», «Биологиялық өнімділік», «Экологиялық сукцессия», «Биосфера және оның тұрақтылығы», «Ғаламдық және Қазақстанның экологиялық мәселелері. Қазақстанның климаттық аймақтары және экожүйелерінің типтері» практикалық сабақтарын өткізді. «Экожүйенің энергетикалық балансы» атты тақырыбына ашық сабақ және студенттерге «Экологиялық тәрбие беру» атты тәрбие сағатын жүргізді. М-01513 тобының магистранттары **Даривхан А.** педагогикалық практика барысында Бг-47 тобында «Организм және оның тіршілік ету жағдайлары», «Популяция экологиясы», «Экологиялық жүйе», «Экожүйенің энергетикалық балансы», «Экологиялық сукцессия», «Биосфера туралы ілім» тақырыптарында дәріс сабақтарын және «Биоэкология ғылым ретінде қалыптасу тарихы және дамуы. Мақсаты, міндеттері мен әдістері», «Особьтар экологиясы-аутэкология», «Негізгі тіршілік орталары және олардың сипаттамасы», «Организмдердің қоршаған ортаға экологиялық бейімделуі», «Популяциялардың құрылымы мен динамикасы», «Экожүйелердің құрылымы мен динамикасы», «Экожүйенің құрылу заңдылықтары», «Экожүйенің энергетикалық балансы», «Экожүйенің өнімділік заңдары» практикалық сабақтарын және «Экологиялық сукцессиялар» атты тақырыбына ашық сабақ, тәрбие сағаты барысында «Өзгеге жақсылық-өз бақытыңның кілті» атты тәрбие сағатын жүргізді. **Жеткербай А.** педагогикалық практика барысында Бг-45, Бг-47 тобына «Организм және оның тіршілік ету жағдайлары», «Популяция экологиясы», «Экологиялық жүйе», «Экожүйенің энергетикалық балансы», «Экологиялық сукцессия», «Биосфера туралы ілім» тақырыптарында дәріс сабақтарын және «Биоэкология ғылым ретінде қалыптасу тарихы және дамуы. Мақсаты, міндеттері мен әдістері», «Особьтар экологиясы-аутэкология», «Негізгі тіршілік орталары және олардың сипаттамасы», «Организмдердің қоршаған ортаға экологиялық бейімделуі», «Популяциялардың құрылымы мен динамикасы» практикалық сабақтарын өткізді. «Қауымдастықтар экологиясы» атты тақырыбына ашық сабақ және тәрбие сағаты барысында «Өзгеге жақсылық-өз бақытыңның кілті» атты тәрбие сағатын жүргізді.

Кафедраның профессоры Б.А. Жетписбаевтан М05107 тобының магистранты **Балықбай А.** педагогикалық практика барысында Бг-31 және Бг-33 топтарына «Термодинамиканың заңдары», «Биоэлектрлік потенциалдар», «Биомембраналар физикасы» тәрізді семинар сабақтарын, «Фотобиологиялық реакциялар» тақырыбына ашық сабақ және студенттерге рухани ұлттық тәрбие беру мақсатында, студенттермен бірге «Тәуелсіздік тұғыры» атты фильмге кино театрға апарды. **Есім А.** педагогикалық практика барысында Бг-31 және Бг-33 топтарына «Термодинамиканың заңдары», «Биоэлектрлік потенциалдар», «Биомембраналар физикасы» тәрізді семинар сабақтарын өткізді. «Фотобиологиялық реакциялар» тақырыбына ашық сабақ және студенттерге рухани ұлттық тәрбие беру мақсатында, студенттермен бірге «Тәуелсіздік тұғыры» атты фильмге кинотеатрға барды. **Марьяк Н.** педагогикалық практика барысында Бг-31 тобына «Нерв импульсының физикасы. Электроөткізгіштік», «Биоэлектрлік потенциалдар», «Клеткадағы тыныштық потенциалы. Нернст, Гольдман, Томостендеулері», «Әсер потенциалы. Ходжкин-Хакслиитендеуі», «Фотобиологиялық процестер, фотосинтез»

сабақтарын өткіздім. «Оптикалық әдістер. Люминесценция» атты тақырыбына ашық сабақ және студенттерге «Табиғат ана» атты тәрбие сағатын жүргізді.

Кафедраның профессоры О.З.Ильдербаевтан М05107 тобының магистранты **Бактығалиева А.**, педагогикалық практика барысында Бг-41 тобына «Ұрық жапырақшаларының түзілуі», «Проэмбрионалды даму процестері», «ДНҚ транскрипциясы» тәрізді семинар сабақтарын өткізді. «Популяция және оның генетикалық құрылымы. Харди-Вайнберг заңы. Популяциядағы генетикалық эволюцияның факторлары» атты тақырыбына ашық сабақ және студенттерге рухани ұлттық тәрбие беру мақсатында, студенттермен бірге «Мұқағали» атты фильмге кинотеатрға апарды. **Құттымұрат М.**, педагогикалық практика барысында Бг-41тобына «Тұқым қуалаушылықтың материалдық негізі», «Жеке даму генетикасы туралы. Проэмбрионалды даму процестеріне сипаттама беру», «Ұрықтанудың генетикалық сипаты», «Гаструляция үдерісіне сипаттама», «ДНҚ транскрипциясы» семинар сабақтарын өткіздім. «Мутацияның түрлері. Мутагендік факторлар. Мутагенез. Даму барысындағы мутациялар» атты тақырыбына ашық сабақ және студенттерге «Мұқағали» атты фильмді көрсету барысында тәрбие сағатын жүргізді.

Кафедраның профессор м.а. А.С.Дінмұхамедовадан М05107 тобының магистранты **Қадір А.**, педагогикалық практика барысында Бг-31,33 топтарына Микробиологиядан: «Микроорганизмдердің өсуі мен көбеюі», «Микроорганизмдер жүйесі», "Микроорганизмдер физиологиясы", «Зат алмасу жолдары», «Микроорганизмдердің метаболизмі». Вирусологиядан: "Вирусқа қарсы иммунитеттің ерекшеліктері", «Вирусты инфекциялардың патогенезі», «Вирусты инфекциялардың диагностикасы», «Вирусты инфекцияның алдын алу және емдеу», "Ортомиксовирустар және парамиксовирустар" тақырыптары бойынша дәрістер өткізді. Сонымен қатар «Метаболитикалық жолдар» тақырыбына ашық сабақ жүргізіп, студенттермен бірге кинотеатрға бару арқылы тәрбие сағатын жүргізді. **Сейтбек Н.**, педагогикалық практика барысында Бг-31,33 топтарына Микробиологиядан: «Микробиология пәніне кіріспе», «Микробиологияның даму тарихы», «Микробтық әлемнің әртүрлілігі», «Бактериялардың әртүрлілігі және ультрақұрылымы», «Бактериялардың ультраструктурасы», вирусологиядан: «Вирустар құрылымының ерекшеліктері», «Вирустарды дақылдандыру», «Вириондардың құрылымы және химиялық құрамы», «Вирустардың таксономиясы», «Вирустар генетикасы» тақырыптары бойынша дәрістер өткізді және «Вирустық инфекцияның алдын алу және емдеу» тақырыбына ашық сабақ жүргізіп, студенттермен бірге тәрбиелік мәні бар фильм көруге бару арқылы тәрбие сағатын жүргізді. **Сатанова Ш.** педагогикалық практика барысында Бг-31,33 топтарына Микробиологиядан: «Микробиология пәніне кіріспе», «Микробиологияның даму тарихы», «Микробтық әлемнің әртүрлілігі», «Бактериялардың әртүрлілігі және ультра құрылымы», «Бактериялардың ультраструктурасы», вирусологиядан: «Вирустар құрылымының ерекшеліктері», «Вирустарды дақылдандыру», «Вириондардың құрылымы және химиялық құрамы», «Вирустардың таксономиясы», «Вирустар генетикасы» тақырыптары бойынша дәрістер өткізді, «Вирустық инфекциялардың диагностикасы» тақырыбына ашық сабақ жүргізіп, студенттермен бірге кинотеатрға бару арқылы тәрбие сағатын жүргізді.

Кафедраның доценті Ж.М.Базарбаевадан М05107 тобының магистранты **Жайлаубайқызы Н.** педагогикалық практика барысында Бг-23, тобына «Митохондрияның құрылысы және қызметі», «Клетка ядросының құрылысы мен атқаратын қызметі», «Клеткалық цикл. Митоз, мейоз, амитоз», «Бездік эпителий», лабораториялық сабақтарын өткізді. «Қан. Гемопоз» атты тақырыбына ашық сабақ және студенттерге университеттен тыс тәрбие сағатын жүргізді.

Кафедраның доценті А.Д.Спанбаевтан М-01513 тобының магистранттары **Аманғалиева Ф.**, педагогикалық практика барысында Бг-31,33 топтарына «Систематиканың даму тарихы», «Филогенетиканың даму тарихы», «Түрконцепциясы», «Әртүрлі организмдер топтарының классификациялық ерекшеліктері», «Таксономиялық

белгілердің зерттелуі», «Өсімдіктер мен жануарлардың түр өзгерісі» лабораториялық сабақтарын өткізді. «Филогенетика ғылымретінде» атты тақырыбына ашық сабақ және әдебиетінің майталманы, әдебиетіміздің көрнекті өкілі, талантты жазушысы туралы түсірілген «Мұқағали» деректі фильміне алып барды. **Болат М**, педагогикалық практика барысында Бг-31,33 топтарына «Таксономиялық белгілер», «Эволюциялық таксономия», «Филогенетикалық анализде белгілердің қолданылуы», «Филогенетикалық анализ алгоритмі» дәріс және практикалық сабақтар өткізді. «Филогенетикалық белгілерді зерттеу» атты тақырыбына ашық сабақ және тәрбие сағаты барысында Бг-11 тобымен кинотеатрда жүріп жатқан «Мұқағали» атты шығармасының желісінде қойылған киноға алып барды. **Ельтезеров С**, педагогикалық практика барысында Бг-31, Бг-33 топтарына «Әртүрлі организмдер топтарының классификациялық ерекшеліктері», «Морфологиялық және генетикалық белгілердің эволюциясы», «Филогенетикалық белгілерді зерттеу», «Филогенетикалық талдау алгоритмдерін зерттеу», «Кариосистематика» лабораториялық сабақтарын өткізді. «Тірі организмдердің классификациясы» атты тақырыбына ашық сабақ және тәрбие сағаты барысында Бг-15 тобына кураторлық жетекшілік ете отыра қазақ әдебиетінің майталманы, әдебиетіміздің көрнекті өкілі, талантты жазушысы туралы түсірілген «Мұқағали» деректі фильміне алып барды. **Тұрсынғазыева А.** педагогикалық практика барысында Бг-31,33 топтарына «Систематиканың даму тарихы», «Филогенетиканың даму тарихы», «Түрконцепциясы», «Әртүрлі организмдер топтарының классификациялық ерекшеліктері», «Таксономиялық белгілердің зерттелуі» лабораториялық сабақтарын өткізді. «Систематикадағы түр ұғымы» атты тақырыбына ашық сабақ және тәрбие сағаты барысында кураторлық жасаған Бг-15 тобымен Ш.Айманов атындағы "Қазақфильм" мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен қазақтың ақиық ақыны жайлы түсірілген, тәрбиелік мәні жоғары "Мұқағали" фильміне алып барды.


Кафедраның доцент м.а. А.Д.Дукенбаевадан М-01513 тобының магистранты **Нұрғасым М**, педагогикалық практика барысында Бг-31, Бг-33 топтарына «Өсімдік клеткасының культурасы», «Өсімдік клеткасының және өсімдіктің су алмасуы», «Фотосинтез», «Фотосинтездің жарық кезені», «Фотосинтездің қараңғы сатысы», «Тыныс алудың тізбектері және компоненттері» дәріс сабақтарын өткізді. «Өсімдіктердің өсуі мен даму физиологиясы. Өсімдіктің гормональды жүйесі» атты тақырыбына ашық сабақ және тәрбие сағаты барысында Бг-33 тобына кураторлық жетекшілік ете отырып, жетекші Дукенбаева А.Д. бірге «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмеге студенттердің танымдық және тәрбиелік білім беру мақсатында алып барды. **Рустемова Ж**, педагогикалық практика барысында Бг-41, 43, 47 топтарына «Нуклеин қышқылдарының қасиеттері, ДНК репликациясы», «Генетикалық код, транскрипция», «Трансляция, ген экспрессиясының реттелуі», «ДНК репарациясы», «Гендік инженерияда пайдаланылатын әдістерге сипаттама», «ДНК рестрикциясы, рестриктазалардың түрлері», «ДНК биотехнологиясында пайдаланылатын негізгі ферменттер», «ДНК-молекуласының секвенирленуі», «Гендерді клондау және геномдық жинақтарды құрастыру», «Нуклеин қышқылдарының гибридизациясы. Рекомбинантты ДНК молекуласын құрастыру», «Адамның молекулалық генетикасы, цитогенетикалық, генеологиялық әдістер», «Векторлық молекулалар және рекомбинантты ДНК алу барысындағы олардың ерекшеліктері» дәрістік және практикалық сабақтарын өткізді. «Гендерді клондау және геномдық жинақтарды құрастыру» атты тақырыбына ашық сабақ өткізді және тәрбие сағаты барысында Бг- 43 тобымен Жастар театрына «Қаралы қызықтар» тақырыбындағы қойылымға алып бардым. **Тулешова А.** педагогикалық практика барысында Бг-41, тобына «Генетикалық инженерия әдістері», «ДНК рестрикция», «ДНК биотехнологиясында қолданылатын негізгі ферменттер», «Секвенирлеу әдістері», лабораториялық сабақтарын өткізді. «ДНК биотехнологиясында қолданылатын негізгі ферменттер» атты тақырыбына ашық сабақ және студенттерге «Қыз бала ұлт болашағы» атты тәрбие сағатын жүргізді.

Кафедраның доцент м.а. А.Ж.Нурсафинадан М-01513 тобының магистранты **Төрехан Ж**, педагогикалық практика барысында Бг-43 тобына «Негізгі тіршілік орталары және олардың сипаттамасы», «Организмдердің қоршаған ортаға экологиялық бейімделуі», «Популяциялардың құрылымы мен динамикасы», «Экожүйелердің құрылымы мен динамикасы», «Экожүйенің құрылу заңдылықтары», «Экожүйенің өнімділік заңдары» «Экологиялық сукцессиялар» тәжірибелік сабақтарын өткізді. «Биосфера және оның тұрақтылығы» атты тақырыбына ашық сабақ және «Сыбайлас жемқорлықпен күресу – баршаның және әр адамзаттың міндеті» тақырыбы аясында видеоролик көрсету арқылы тәрбие сағатын өткізді. **Искакова А**, педагогикалық практика барысында Бг-41 тобына «Экожүйенің өтімділік заңдары» атты тақырыбына ашық сабақ және студенттерге университеттен тыс тәрбие сағатын жүргізді. Практика барысында, мұғалім болу жауапкершілігін сезіндім, әр студентті жеке бір тұлға ретінде қарау керек және кемшілігін жойып, алға тартуға көмек беру қажет, бәрінде талпыныс бар соны демеу қажеттігін айтты.

Кафедраның аға оқытушысы Г.З.Нурмухамбетовадан М-01513 тобының магистранттары **Жақсыбай Н**, педагогикалық практика барысында Бг-21, Бг-23 топтарына «Қазіргі адам анатомиясының әдістері мен әдістемеліктері», «Бұлшық ет жүйесі. Жоғары белдеудегі бұлшық ет жүйесі», «Ас қорыту жүйесі. Асқорыту жүйесі құрылысының жалпы принциптері және оның қызметтік маңызы», «Тыныс алу жүйесі. Тыныс алу жүйесі құрылысының жалпы принциптері және оның қызметтік маңызы», «Несеп-жыныс жүйесі. «Несеп-жыныс жүйесі құрылысының жалпы принциптері» лабораториялық сабақтарын өткізді. «Жүрек-тамыр жүйесі. Қан айналу жүйесіне жалпы шолу» атты тақырыбына ашық сабақ және тәрбие сағаты барысында Бг-23 тобымен К.Куанышбаев атындағы амфитеатрға Ә.Нұршайықовтың «Махаббаты қызық мол жылдар» атты шығармасының желісінде қойылған көрініске алып барды. **Орынбасар А.** педагогикалық практика барысында Бг-21, Бг-23 топтарына «Қазіргі адам анатомиясының әдістері мен әдістемеліктері», «Бұлшық ет жүйесі. Жоғары белдеудегі бұлшық ет жүйесі», «Ас қорыту жүйесі. Асқорыту жүйесі құрылысының жалпы принциптері және оның қызметтік маңызы», «Тыныс алу жүйесі. Тыныс алу жүйесі құрылысының жалпы принциптері және оның қызметтік маңызы», «Несеп-жыныс жүйесі. «Несеп-жыныс жүйесі құрылысының жалпы принциптері» лабораториялық сабақтарын өткізді. «Жүрек-тамыр жүйесі. Қан айналу жүйесіне жалпы шолу» атты тақырыбына ашық сабақ және тәрбие сағаты барысында Бг-23 тобымен К.Куанышбаев атындағы амфитеатрға Ә.Нұршайықовтың «Махаббаты қызық мол жылдар» атты шығармасының желісінде қойылған көрініске алып барды.

Педагогикалық практика барысында магистранттар дәріске және тәжірибелік сабақтарға сәйкес арнайы дайындалған слайдтармен жабдықтап, студенттерді сабаққа қызықтыру барысында әдістердің бірнеше түрін пайдаланды. Сондай-ақ жоспарға сәйкес ашық сабақ пен сабақтан тыс кураторлық сағат өткізді. Сонымен қатар магистранттар практика барысында арнайы топтармен жұмыс жасап оларға мінездеме берді, ашық сабақ және өзара сабаққа қатысу арнайы хаттамамен толтырылды, осы дайындалған құжаттар бойынша магистранттар арнайы папкаға жинақтап, дискімен өткізді және практика соңында есеп тапсыру барысында бағаланды.

Педагогикалық практикаға жауапты



Сембаева Ж.П.